

**Шалқар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 2 желтоқсан № 62 шешімі**  
Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 желтоқсан  
№ 5158 болып тіркелген

**«Шалқар ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» 2016 жылғы 11 сәуірдегі №14 аудандық мәслихаттың шешіміне толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Кодексінің 386, 444 - баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 - бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 11 сәуірдегі №14 «Шалқар ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4871 санымен тіркелген, 2016 жылғы 16 мамырда «Шежірелі өлке» газетінде жарияланған) шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағында:

«Шалқар ауданы бойынша» сөздерінен кейін «Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес» сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Ж.Сейтмағанбетова**

**Аудандық мәслихаттың  
хатшысы**

**С.Бигеев**